

Адам баласының жанын жадыратып, қонына көктем лебі естіріп, жүрегіне жаз орнататын түп-түнык көусар бұлқтай моп-молдір кіршіксіз таза сезімнің сынары өмірде үлы күдіреттің иесі шынайы махаббат екені даусыз. Осыған орай біздің облыстық арнайы кітапханада «Тағдырластар» клубының кезекті отырысының мерекелік кеші болып өтті. Кешті кітапхана қызметкері «Тағдырластар» клубының жана жетекшісі Ербек Бакиев жүргізді. Мерекені махаббатқа арналған жыр шумақтармен ашты.

О махаббат сезім сырын үктырган,

О махаббат сан арманды түлеткен.

Талай жанды бір-бірімен жүп қылған.

Талай акын гашыктарды жыр еткен.

Бағынбайтын алай-дүлей дауылдай,

Махаббаттың күдіреті болмаса,

Жүректерді бір арнаға жықтырган.

Молдір сезім туылар ма жүректен.

Жүргізуші келесі кезекті кітапхана директорының орынбасары Л.Темірбаева соз берді. Соз алған Ләззат Сағынбекқызы келген қонақтарға ак тілегін жолдап «Тағдырластар» клубының өндігі жетекшісі Е.Бакиевті таныстырып өтті. Мерекелік шара өсем өнге үласты. Бәйдібек ауданынан келген өнерлі өнші Н.Торөбаев махаббат тақырыбында шарыктата өн шыркады. Сондай-ак кеште жырлар оқылып, махаббат тақырыбында түрлі сүрактар мен сүхбаттар жасалды. Бұл кештің тағы да бір ерекшелігі Алматы облысындағы Республикалық «Жанар» оку орталығының бір топ ару қыздары тікелей байланысқа шығып, галамтор желісінде **скайп** арқылы бастан аяк бүгінгі кештің куәгері болып, сыр-сүхбатқа араласып, сүрактарға ортақ жауап беріп отырды. Кеш барысында тифлоболім менгерушісі Л.Абжаппарова махаббат күні мерекесінің шығу тарихына тоқталып өтті. Сонымен қатар, мерекелік шараға ОКО мүгедектерді оналту орталығының демалушылары мен облыстық «Үміт» мектеп-интернатының жоғарғы сынып окушылары да қатысты. Мектеп окушылары Ә.Батырхан мен Ә.Өміртай казак акындарының махаббатқа түнып түрган лирикалық жырларын оқыды. Жөне де махаббат арнасында өрбір тағдырластың ой - пікірі ортаға салынды. Сарыағаш ауданынан келген кітапханамыздың белсенді оқырманы Д.Сейдазимованың орындауында «Махаббат» атты өсем өнін келгендер тебірене тындап, ерекше өсерге болөнді. Оқырмандармен бірге түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылып, барлығына мерекелік кештен естелік махаббат күніне байланысты алқызыл жүрекшелер мен төтті сыйлықтар табысталды.

«Гашык жүрек – мэнгі согар дүрсілеп» (15 сәуір – Гашыктар күніне орай)

Авторлар: спецбіб
20.04.2015 10:48 -

Оқырмандар арасынан тағы да Н.Торобаев кезек алып, інкәр сезімге түнген әсем әнімен барша жұртшылықты тамсандырып, толкытып тастады. Кеш сонында Ләззат Сагынбекқызы сөз алып кітапхананың сонғы жаналықтарымен таныстырып, барша оқырманды кітапханаға жиі-жиі келіп түруге үндеді. Е.Бакиев келген тағдырластарға үлкен алғыс білдіріп, мерекелік тілегін жолдап, барша қонақтарға баянды бақыт тілеп кешті қорытындылады. Кеш сонында барлығы мерекелік естелік суретке түсіп, ерекше сезімге боленіп, қотерінкі көңіл күймен тарасты.

(Ербек Бакиев – ОКО арнайы кітапханасының тифлолог-редактор)

Іс-шара 16 сәуір 2015 ж. өтті



«Гашык жүрек – мэнгі согар дүрсілеп» (15 сәуір – Гашыктар күніне орай)

Авторлар: спецбп
20.04.2015 10:48 -

